

2024 жылдың наурыз айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 61,5 млрд. теңгеге 196,2 мың ақша аударымдары жіберілген. 2024 жылдың ақпан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 2,7%-ға өссе, көлемі 1,4%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, Contact, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2024 жылдың наурызда Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 2% және жалпы сомасының 3,6% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 98,0% және 96,4% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕНА АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың наурызда шетелге ХААЖ арқылы 59,3 млрд. теңге сомаға 192,4 мың транзакция жіберілді. 2024 жылдың ақпан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 2,2%-ға көбейсе, көлемі 0,02%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Ресей – 20,0 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 33,8%), Түркія – 14,7 млрд. теңге (үлесі – 24,9%), Өзбекстан – 11,2 млрд. теңге (үлесі- 18,9%), Грузия – 5,3 млрд. теңге (үлесі – 9,0%), сондай-ақ Қыргызстан – 2,3 млрд. теңге (үлесі – 3,9%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандагы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадагы үлесі, %-бен
Золотая Корона	179,69	93,4%	53 102,74	89,6%
Вестерн Юнион	7,49	3,9%	4 232,18	7,1%
MONEYGRAM	1,41	0,7%	1 054,61	1,8%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,83	2,0%	875,60	1,5%
Жалпы жиынтығы	192,42	100,0%	59 265,13	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандагы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадагы үлесі, %-бен
Ресей	110,72	57,5%	20 051,49	33,8%
Түркія	28,14	14,6%	14 756,23	24,9%
Өзбекстан	33,87	17,6%	11 223,04	18,9%
Грузия	2,82	1,5%	5 317,25	9,0%
Қыргызстан	6,36	3,3%	2 294,07	3,9%
Қытай	1,26	0,7%	1 459,19	2,5%
Әзіrbайжан	1,41	0,7%	922,14	1,6%
Армения	0,49	0,3%	581,02	1,0%

Корея Республикасы	0,63	0,3%	450,83	0,8%
Тәжікстан	2,00	1,0%	398,55	0,7%
Басқалары	4,71	2,4%	1 811,32	3,1%
Жалпы жиынтығы	192,42	100,0%	59 265,13	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 26,3%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 51,8%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 60,0% және 36,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



■ USD ■ KZT ■ RUB ■ EUR ■

■ USD ■ KZT ■ RUB ■ EUR ■

ШЕТЕЛДЕН АЛЫНГАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың наурыз айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 20,0 млрд. теңге сомаға 74,9 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2024 жылдың ақпан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 3,6%-ға, көлемі 4,6%-ға еости.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 5,6 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 28,1%), Америка Құрама Штаттары – 2,5 млрд. теңге (үлесі – 12,7%), Корея Республикасы – 2,2 млрд. теңге (үлесі – 11,1%), Өзбекстан – 1,9 млрд. теңге (үлесі – 9,6%), сондай-ақ Түркия- 1,4 млрд. теңге (үлесі – 7,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	37,51	50,0%	10 651,22	53,1%
Вестерн Юнион	20,35	27,1%	5 757,64	28,7%
MONEYGRAM	9,62	12,8%	2 914,74	14,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	7,50	10,0%	738,03	3,7%
Жалпы жиынтығы	74,98	100,0%	20 061,64	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мын транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	33,51	44,7%	5 638,48	28,1%
Америка Құрама Штаттары	8,28	11,0%	2 547,90	12,7%
Корея Республикасы	3,70	4,9%	2 227,34	11,1%
Өзбекстан	3,99	5,3%	1 930,80	9,6%
Түркия	4,48	6,0%	1 434,96	7,2%
Германия	8,04	10,7%	1 402,15	7,0%
Қыргызстан	1,82	2,4%	1 076,57	5,4%
Ирак	0,65	0,9%	607,44	3,0%
Грузия	0,72	1,0%	459,76	2,3%
Әзіrbайжан	0,44	0,6%	220,91	1,1%
Басқалары	9,36	12,5%	2 515,35	12,5%
Жалпы жиынтығы	74,98	100,0%	20 061,64	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 36,8% және жалпы сомасының 56,5%) және қазақстандық теңге (тиісінше 36,7% және 26,3%) жүргізілді.

**Алынған аударымдардың жалпы
санындағы үлесі**



**Алынған аударымдардың жалпы
көлеміндегі үлесі**

